

Т. Рысқұлов ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 10-6 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 10-8 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 қазанда № 2030 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 59-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 07.09.2020 № 59-5 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Т.Рысқұлов ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 10-6(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1911 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 сәуіріндегі № 32-33 "Құлан таңы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

- Мемлекеттік тілдегі шешім тақырыбы, мәтініндегі "табысы аз отбасылары" деген сөздер "аз қамтылған отбасылары" деген сөздермен ауыстырылсын.

- Орыс тіліндегі шешімінің тақырыбы, мәтініндегі "малообеспеченным семьям" деген сөздер өзгеріссіз қалсын.

Аталған шешімнің қосымшасындағы 4 тармағы келесі мазмұндағы 4-1 тармағымен толықтырылсын:

"4-1 Т.Рысқұлов ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты)

күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуші ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Б. Жантақбаев*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Шамаев*